

Жоғары жалақы мен тарифтік ставкалар белгілеу туралы

Күшін жойған

Қызылорда облысы Қармақшы ауданы мәслихатының 2012 жылғы 19 қарашадағы N 61 шешімі. Қызылорда облысының Әділет департаментінде 2012 жылғы 19 желтоқсанда N 4370 тіркелді. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы мәслихатының 2014 жылғы 28 сәуірдегі N 175 шешімімен

Ескерту. Күші жойылды - Қызылорда облысы Қармақшы ауданы мәслихатының 28.04.2014 N 175 шешімімен.

Р Қ А О е с к е р т п е с і :

Мәтінде авторлық орфография және пунктуация сақталған.

"Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі" Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 15 мамырдағы Кодексіне, "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына, "Агроөнеркәсіптік кешенді және ауылдық аумақтарды дамытуды мемлекеттік реттеу туралы" Қазақстан Республикасының 2005 жылғы 8 шілдедегі Заңына сәйкес Қармақшы аудандық мәслихаты

Ш Е Ш Е М І З :

1. Қармақшы ауданының ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін әлеуметтік қамсыздандыру, денсаулық сақтау, білім беру, мәдениет және спорт саласының азаматтық қызметшілеріне, ветеринария мамандарына оның ішінде ветеринариялық пунктердің мамандарына, қызметтің осы түрлерімен қалалық жағдайында айналысатын азаматтық қызметшілердің жалақыларымен және ставкаларымен салыстырғанда кемінде жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар мен тарифтік ставкалары белгіленсін.

2. Қармақшы ауданы мәслихатының 2011 жылғы 22 қарашадағы "Ауылдық (селолық) жерде жұмыс істейтін денсаулық сақтау, әлеуметтік қамсыздандыру, білім беру, мәдениет және спорт саласының мамандарына жиырма бес процентке жоғары лауазымдық жалақылар және тарифтік ставкалар белгілеу туралы" (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу Тізілімінде 10-5-170 нөмірімен тіркелген, 2012 жылдың 1 қаңтарында "Қармақшы таңы" газетінде жарияланған) N 300 шешімінің күші жойылды деп танылсын.

3. Осы шешім алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қ а р м а қ ш ы а у д а н д ы қ
м ә с л и х а т ы н ы ң к е з е к т е н т ы с

9-сессиясының төрағасы

О. Бодыбаев

мәслихат хатшысы

Қ а р м а қ ш ы а у д а н д ы қ
М. Ерманов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК